

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Күні:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1 бап, 3-1 тарауы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы» №583 Бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №253 бұйрығын негізге ала отырып, облыстағы әдістемелік қызметті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту және оның сапасын арттыру мақсатында облыстық әдістемелік орталықтар әдістемелік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін біріктіріледі.

Осы меморандум барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмысты белсенді қолдау, дамыту және сүйемелдеу, педагогтердің кәсіби шеберлігін үздіксіз арттыру үшін міндеттемелер мен әріптестік қағидаларын белгілейді.

1. Ынтымақтастықтың мақсаттары мен міндеттері:

- 1.1. Қазақстан Республикасында білім беру сапасын арттыру үшін педагогтармен және оқушылармен ортақ бастамаларды құру және ілгерілету.
- 1.2. Әдістемелік жұмыс саласындағы педагогтар мен мамандарға арналған бірлескен жобаларды, оқыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.
- 1.3. Облыс орталықтары арасында әдістемелік жұмыс саласында тәжірибе алмасу және озық тәжірибені тарату.
- 1.4. Әдістемелік орталықтарының жұмысына инновациялық тәсілдер мен технологияларды енгізу.
- 1.5. Әдістемелік жұмыс бойынша бірлескен ғылыми-практикалық конференцияларды, семинарларды, тренингтерді және басқа да іс-шараларды жоспарлау және өткізу.

2. Ұйымдастыру мәселелері:

- 2.1. Әрбір облыстық әдістемелік орталықтар арасындағы серіктестер өзара іс-қимыл мен үйлестіруге жәрдемдесу үшін жауапты өкіл тағайындайды.
- 2.2. Кездесулер мен кеңестер ағымдағы мәселелерді талқылау және бірлескен іс-шараларды жоспарлау үшін келісім бойынша өткізіледі.
- 2.3. Тәжірибе алмасу, облыстық әдістемелік орталықтар арасында Пайдалы ақпарат беру үшін ақпараттық платформа (Facebook парақшасы) құрылады.

3. Қаржылық мәселелер:

3.1. Конференцияларды, семинарларды және өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шығындар әдістемелік орталықтардың қаражаты есебінен немесе бюджеттен тыс қаражатты пайдалана отырып жүзеге асырылады.

4. Тараптардың жауапкершілігі:

4.1. Әрбір облыстық әдістемелік орталық ынтымақтастық шеңберінде өз міндеттемелері мен келісілген жобаларының сапалы орындалуына жауапты болады.

4.2. Тараптар ынтымақтастық шеңберінде жүргізілетін өз қызметінің нәтижелері туралы уақтылы хабарлауға міндеттеледі.

5. Меморандумның қолданылу мерзімі:

5.1. Осы меморандум серіктестердің өзара келісімі негізінде оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

6. Ынтымақтастықты өзгерту және тоқтату тәртібі:

6.1. Осы Меморандумға кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда және тараптардың келісімімен енгізілуі мүмкін.

6.2. Тараптардың ынтымақтастығы келісім бойынша кез келген уақытта тоқтатылуы мүмкін, бұл туралы меморандум мүшелерін ынтымақтастық тоқтатылған нақты күнге дейін 30 күн бұрын жазбаша нысанда алдын ала хабардар етеді.

Осы меморандум облыстық әдістемелік орталықтардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар екі түпнұсқа данада 2 тілде және бір данадан жасалды.

Тараптардың қолдары:

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының
"Білім беруді дамыту орталығы" КММ
Директор Г.Кубашева



Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасының
оқу- әдістемелік орталығының
басшысы _____



Ш.А.Усорова

«Қарағанды облысында оқу әдістемелік дамыту орталығы» КМҚК

Басшы - Абдикерова Б. Х.



Маңғыстау облысының білім басқармасының «Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы» КММ

Директор – Ж.Ж.Үмбетова



Жетісу облыстық әдістемелік орталығы
директоры

Г.Мухметова



Ұлытау облысы білім басқармасы
"Ұлытау облысының
әдістемелік орталығы" КМҚК директоры

Ы.Ермаганбетова



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Әдістемелік орталығы» КММ
Директор М.Боқаева



Алматы қаласы Білім басқармасының
«Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың
ғылыми-әдістемелік орталығы» ШЖҚ МКК
директоры



Д. Сағынгалнев

"Абай облысының білім басқармасы" ММ

"Облыстық инновациялық-әдістемелік

орталығы" КММ директоры м. а



А. Исабаева

Жетісу облыстық әдістемелік орталығы
директоры



Г.Мухметова

«Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы» МҚКК директоры



Handwritten signature in blue ink.

Ж.Нурғалиева

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өркен» Шығыс Қазақстан өңірлік білім беруді ақпараттандыру және дамыту ғылыми-әдістемелік орталығы» КММ.

Директор Коваленко С. Н.



Handwritten signature in blue ink.

"Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы" КММ

Басшысы- Курманғалиева Л. С.



Handwritten signature in blue ink.